**"Nations Energy Company Ltd" компаниясының акцияларын сату нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу тетігін анықтау бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 24 карашадағы N 273-ө Өкімі

"Nations Energy Company Ltd" компаниясының (Канада) 100 % акцияларын сату кезінде мәмілеге қатысушылардың құн өсімінен түсетін табыс салығын төлемеуіне байланысты мемлекетке келтірілген зиянды өтеу тетігін анықтау бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Дәленов Руслан Ерболатұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекші |
| Өтепбаева Рәсима Кәбірқызы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мамандандырылған басқармасының бас сарапшысы, жетекшінің орынбасары |
| Құдайберген Ғабитжан Баянқұлұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мамандандырылған басқармасының сарапшысы, хатшы |
| Қонақаев Саяхат Алпысұлы | - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға тартылатын тікелей инвестициялар департаментінің директоры |
| Қуанышбаев Ермек Мекебайұлы | - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халықаралық құқық және мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары |
| Тоқтабаев Тимур Серікұлы | - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға тартылатын тікелей |

инвестициялар департаменті директорының орынбасары

Данабеков Олжас Қайратұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңға тәуелді актілер департаментінің басқарма бастығы

Ескенов Найман Еркінұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға тартылатын тікелей инвестициялар департаменті конкурстар және тікелей келіссөздер ұйымдастыру басқармасының бастығы

Райысов Ұлан Ермұханұлы - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу департаменті басқармасының бастығы (келісім бойынша)

Кашимова Ләйлім Бәкиқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті халықаралық салық салу басқармасының сарапшысы

Өтеев Шаттық Тынымбайұлы - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Маңғыстау облысы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің басқарма бастығы (келісім бойынша)

Сүлейменов Тимур Мұратұлы - "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамының Салықтық есеп және салықтық жоспарлау департаментінің директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2008 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде "Nations Energy Company Ltd" компаниясының 100 % акцияларын сату кезінде мәмілеге қатысушылардың құн өсімінен түсетін табыс салығын төлемеуіне байланысты

мемлекетке келтірілген зиянды өтеу тетігін анықтау бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК